



Автор: Карагулова Гаухар Опиновна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Атақты тұлғалар

Тақырып: Менің бабаларым-қыпшақтар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру 3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: қыпшақтардың қайда өмір сүргенін және немен айналысқанын біледі; қандай өмір сүру салтын ұстанғанын біледі. Көптеген оқушылар қазақтар мен қыпшақтардың өмір салтын, шаруашылығын, киімін, тілін, сыртқы келбетін салыстырады, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады. Кейбір оқушылар қыпшақтардың өмірін рөлдік ойындар арқылы бейнелі түрде көрсетеді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология: Қыпшақтар, Қыпшақ даласы. Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер Қыпшақ – ірі түркі тайпасы. Қыпшақтар – қазақтардың арғы бабасы. Қазақ тілі қыпшақ тілінің негізінде пайда болды. Талқыланатын мәселелер: Қыпшақтар қайда өмір сүрді? Олар немен айналысты? Қыпшақтар төрт түліктің қай түрін өсірді? Неліктен қыпшақтардың жылқылары басқа елдерде жоғары бағаланды? Қыпшақтар қандай дақылдарды өсірді? Тарыдан қандай ас әзірлеуге болатын еді?
Бағалау критерийлері:	Оқушылар әртүрлі материалдардың негізінде түркілердің өмір салтын анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, әдебиеттік оқу пәнінен алған мәдени мұралар мен тарихи ескерткіштерді сақтау және қорғаудың маңыздылығы, ежелгі түркі халықтарының өмірі, көшпелі өмір салты мен отырықшы өмір салтының ерекшеліктері, Қазақстан халықтары мерекелері мен демалыс мәдениеті тақырыптары, өз ата тегінің шежіресі, спорт түрлері, ауа райының олайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін туралы білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	1 сыныпта «Саяхат» тарауында оқушылар Ботай мәдениетінің ерекшелігін суреттеп, түрлі дереккөздер негізінде Тұмар патшайым туралы түсінік алған, 2 сыныпта «Салт дәстүр және әдебиет» тарауында Әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы оқып танысқан. 3 сыныптың «Уақыт» тарауында ежелгі түркілердің өмір сүру салты туралы ақпарат алған.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (3-7 мин)	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Қызыл өрік» би «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Бақыт жалаулары» 2-топ «Арман жалаулары» 3-топ «Қуаныш жалаулары» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Көшпелі өмір дегенді қалай түсінесіңдер? Қыстау, жайлау деген ұғымды қалай түсінесіңдер? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	
Сабақтың ортасы (10-15 мин)	Елестетіңдер. Сендер қыпшақ отбасында қонақта отырсыңдар. Үйдің қожайындары сендерге қандай тағамдар ұсынады? Сендер олардан не жайында сұрайсыңдар? Қыпшақтардың сөйлегенін түсінесіңдер ме? Оқушылардың жауаптары. (ҚБ) «Ара ұясы» стратегиясы. Мұғалім: Екіден отырып, сабақтың түсінікті болғанын, болмағанын талқылаңдар. Түсінбеген материалдар бойынша бір-бірлеріңе сұрақтар қойыңдар. Осылайша олқылықтардың алдын аласыңдар. Слайд-презентацияны қарау және электронды қосымшадан тапсырма орындау. Мұғалім: Слайд-презентациядан қыпшақтар жайлы қандай жаңа мәліметтер алдыңдар? Оқушылар: қыпшақтар Орыс елімен көрші болған; орыс князьдарының ұлдары мен қыпшақ хандарының қыздары бір-бірімен үйленетін болған; орыс тілінде түркі тілінен алынған сөздер өте көп. Дескриптор: әртүрлі материалдардың негізінде түркілердің өмір салтын анықтайды. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	
Сабақтың соңы (8-10 мин)	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» Оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалімнің екі-үш жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрауына болады. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.	
Рефлексия (5-8 мин)	Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) «Алма ағашы» кері байланыс. 5e4fb42619eca.png Image not found or type unknown	